

**Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өніраалық Орталығы**

**«Интернат жағдайында балалар мен жасөспірімдерді
әлеуметтендіруде тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін дамыту»
тақырыбындагы интернат тәрбиешілерінің кәсіби біліктілігін
арттыру курсының бағдарламасына (қазақ тілінде)**

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өніраалық Орталығы құрастырган «Интернат жағдайында балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруде тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» тақырыбындагы интернат тәрбиешілерінің кәсіби біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы қазақ тіліндегі (бұдан әрі – Бағдарлама) жобасы келіп түсті.

Оқу бағдарламасы Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығын негізге ала отырып әзірленгені байқалады.

Бағдарламаның мақсаты - Интернат жағдайында тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тәрбиешілердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және жетілдіру.

Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасының мазмұны талапқа сай құрастырылған, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері нақты көрсетілген, бағдарлама 4 (төрт) модульден тұрады, оқыту курсын оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады және курстың ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Сонымен катар, тындаушыларда оқу нәтижелері бойынша қалыптасатын құзыреттіліктері нақты анықталған.

Бағдарламаның тақырыбын, мақсаты пен міндеттерін аштын оку-тақырыптық жоспарында оның теориялық және практикалық материалдарды құрайтын модульдің тақырыптары (косямша 1) және қысқаша мазмұны толық берілген.

Құрастырылған глоссарий жүйелі, нақты терминдерге түсіндірме берілген, бұл курс тақырыбы бойынша тындаушыларға заманауи терминологияны тез түсінуге және менгеруге көмектеседі.

Бағдарламаның оку-әдістемелік қамтамасыз етуі бөлімінде тындаушылардың бағдарлама мазмұнын игеру мақсатында әзірленген материалдар жан-жақты және жеткілікті деңгейде ұсынылған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінде оқыту білім беру ұйымының өтініші немесе білім алушының жеке өтініші негізінде жүзеге асырылады. Сабактың негізгі формалары сипатталған, аралық бақылау бағдарламаның әрбір модулі бойынша өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау түрінде өтеді. Қорытынды бақылау жұмысы курстық жобаны әзірлеу және коргау. Оқыту түрлері: жеке, топтық. Оқыту нысандары – күндізгі, күндізгі-қашықтықтан, қашықтықтан.

«Курстар кейінгі колдау» бөлімінде тыңдаушыларды курстар кейін әдістемелік колдау максатындағы бірнеше кезеңге бағдарланған іс-шаралар ұсынылған.


Бағдарламада негізгі және косымша әдебиеттер тізімі берілген.

Сараптамалық корытынды:

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өніраалық Орталығы курастырган «Интернат жағдайында балалар мен жасөспірімдерді алеуметтендіруде тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» тақырыбындағы интернат тәрбиешілерінің кәсіби біліктілігін арттыру курсының бағдарламасының жобасы (казак тілінде) «Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бүйрекшінен 10-тармағына сәйкес келгендіктен келісілді.

Косымша: Хаттама №55, 30.12.2024 ж.

Сараптамалық кеңестің мүшесі



Ш.Т.Турдалиева

30.12.2024 ж.